



Артур БАЙМАХАНОВ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау академияның докторанты

ЕЛІ ҮШІН ЖАСАҒАН ЕРЛІК ЕШҚАШАН ӨШПЕЙДІ

1941 жылы соғыс басталып, ел басына күн туған зауал жылы ер азамат түгел қан майданға аттанып жатты. Ерлеріміз етігімен су кешіп, Отан алдындағы перзенттік борышын абыроймен өтеді. Олар елім деп кеудесін оққа тосып, жауға қасқайып қарсы тұра білді. Абыройын жанынан жоғары қойып, қасық қаны қалғанша аянбай күресті.

Ал енді тәуелсіз ел болып, етек-жеңімізді жиған тұста, сол батырлардың ерлігін ұлықтап, көпшілікке паш ету барлығымызға ортақ міндет. Себебі, кейінгі өскелең ұрпақ ата-бабасының қандай ерлік жасағанын және қайсар, намысшыл, сонымен қатар ержүрек болғанын білуі абзал. Жас буын ержүрек аталарының ерліктерін мақтаныш етіп, оларды үлгі тұтуы тиіс. Олар біз үшін еліміз бен жеріміздің қаншалықты құнды, бағалы екендігін жадына тоқыса құба-құп.

**МЕН БАЛА КҮНІМНЕН БҰЛ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗІНІП,
ӨЗІМНІҢ БАТЫР ҰРПАҒЫ
ЕКЕНДІГІМДІ МАҚТАН ТҰТТЫМ.**

Себебі, менің атам Жақыпбек Баймаханов фашистердің туын жығып, елі үшін ерлік көрсеткен миллиондаған жауынгерлердің қатарында болды. Қанды майданда Отан үшін от кешті.

Мен бала күнімнен бұл жауапкершілікті сезініп, өзімнің батыр ұрпағы екендігімді мақтан тұттым. Себебі, менің атам Жақыпбек Баймаханов фашистердің туын жығып, елі үшін ерлік көрсеткен миллиондаған жауынгерлердің қатарында болды. Қанды майданда Отан үшін от кешті.

Жақыпбек атам 1923 жылы қазіргі Қызылорда облысы Тереңөзек ауданы, «Бостандық-Жол» ауылында дүниеге келген. 1942 жылы Тереңөзек әскери комиссариатынан Сталинград майданына аттанған. Он сегіз жастағы жігіт кейін Балтық елдерін жаудан азат етіп, Берлин қаласына дейін жетіп, Ұлы Жеңісті Германияның астанасында қарсы алды.

Еуропада екінші дүние жүзілік соғыс аяқталған соң, менің атам Жақыпбекті оның қызмет етіп жатқан құрылымдық бөлімшелерімен бірге Қиыр Шығысқа аттанып, ондағы Германия одақтасы Жапон милитаристтерімен болған шайқастарға қатысып, соғысты Совет армиясы қатарында жалғастырған. Жапон армиясы талқандалған соң, елге тек қана 1947 жылы оралған.

Біз бұл естелікті бала күннен жадымызда тоқып өстік. Алайда, осы күнге дейін атамыздың ерлігін дәлелдейтін нақты құжаттар қолымызда болмады. Жақыпбектен тараған бүгінгі ұрпақтың жанына батқаны да осы еді.




Ұлы Отан соғысына қатысты құпия режиміндегі құжаттар ұзақ жылдар бойы мұрағаттарда сақталып, жақында ғана Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің «Подвиг Народа» атты ресми сайтында ерлік жасаған жауынгерлер туралы ақпараттар шығып, оның ішінде атамыздың ерлігі туралы жарияланғанын білдік. Ондағы ресми мәліметтерге сәкес №1679 артиллерия полкі командирінің 10.08.1944 жылғы «III дәрежелі Даңқ» орденімен марапаттау қағазына сәйкес, Ж.Баймахановтың 26.06.1944 жылғы Солтүстік Белоруссия үшін шайқаста ерекше ерлік көрсеткендігі анық жазылған.

Яғни, Витебск облысының Бобоедово ауылы жанында, полкқа оң жақ фланг арқылы орман жақтан неміс әскері қарсы шабуыл жасап, күшті автоматты оқ жаудырған. Атты сапта келген Баймаханов бірден фашисттерге қарсы шабуылға ұмтылып, артынан әскерін ерткен. Нәтижесінде жаудың шабуылын тойтарған. Осы қанды шайқаста Баймаханов өз автоматымен 7 фашист солдатын жойып, біреуін тұтқынға алған.

Бұл ерлігі үшін ол полк командирімен «III дәрежелі Даңқ» орденіне ұсынылған, бірақ «Ерлігі үшін» медалі берілген. Бұл құжаттарды көрген біздің көкірегімізді мақтаныш оты кернеп, ерекше қуанышта болдық. Ал атамыздың бұдан өзге «Сталинградты қорғаға-

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰПИЯ РЕЖИМІНДЕГІ ҚҰЖАТТАР ҰЗАҚ ЖЫЛДАР БОЙЫ МҰРАҒАТТАРДА САҚТАЛЫП, жақында ғана Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің «Подвиг Народа» атты ресми сайтында ерлік жасаған жауынгерлер туралы ақпараттар шығып, оның ішінде атамыздың ерлігі туралы жарияланғанын білдік. Ондағы ресми мәліметтерге сәкес №1679 артиллерия полкі командирінің 10.08.1944 жылғы «III дәрежелі Даңқ» орденімен марапаттау қағазына сәйкес, Ж.Баймахановтың 26.06.1944 жылғы Солтүстік Белоруссия үшін шайқаста ерекше ерлік көрсеткендігі анық жазылған.



Өкінішке орай Ұлы Отан соғысынан аман келіп, саналы ғұмырын ішкі істер органдарына арнаған атам 1957 жылдың 30 мамырында аталған торапты тексеру кезінде, **ЯҒНИ ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДА, 34 ЖАСҚА ҚАРАҒАН ШАҒЫНДА ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙДА ҚАЗА БОЛЫПТЫ.**



ны үшін», «Жауынгерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарын кеудесіне таққандығын естігенімізде төбеміз көкке жеткендей болды. Міне, қанша жарақат алып, жаудың оғы кеудесін жараласа да, жаны жараланбаған қайсар жан осылай Отан үшін аянбай айқасқан.

Осы ретте, Жақыпбек атамыз ерліктерімен атақты «32-ші кавалерия» дивизиясының құрамында болғанын атап өткен жөн.

«32-ші кавалерия» дивизиясы Смоленск қаласын (немістер үшін стратегиялық өте маңызды аймақ) жаудың әскерінен азат еткені үшін Жоғарғы Бас қолбасшының 25.09.1943 ж. бұйрығымен маңызды теміржол желісі бар Белоруссияның Лида қаласын босатқаны үшін СССР Жоғарғы Кеңесінің 25.07.1944ж. өкімдерімен «Орден Красного Знамени» (Қызыл ту орденімен), Польшаның Хойниц және Тухоль қалаларын жаудан азат еткені үшін 5.04.1945ж. «Орден Суворова II степени» (II дәрежелі Суворов орденімен) марапатталған.

Біз атамыздың марапаттар алғанын растайтын құжаттарға қол жеткізіп, ішкі істер органдарының мұрағатынан ресми түрде келесі мағлұматтарды алдық.

Ж.Баймаханов соғыстан кейінгі бейбіт өмірде ішкі істер органдарында қызмет атқарған. 1947-1948 жылдар аралығында қалалық милиция бөлімінің милиционері лауазымында болған, 1949-1950 жылдары Қызылорда облысының №10 ауылшаруашылық колоннасының бақылаушысы және атқыш лауазымын абыроймен алып жүрген. 1957 жылға дейін Ішкі істер министрлігінің Қызылорда облысы бойынша қалалық милиция бөлімінің және Қызылорда облысының су торабын және дизельді электростанциясын қорғау бөлімінің милиционері болып қызмет атқарған.

Өкінішке орай Ұлы Отан соғысынан аман келіп, саналы ғұмырын ішкі істер органдарына арнаған атам 1957 жылдың 30 мамырында аталған торапты тексеру кезінде, яғни қызметтік міндеттерін орындау барысында, 34 жасқа қараған шағында қайғылы жағдайда қаза болыпты.

Атамызды соңғы сапарға шығарып салуға бүкіл қала халқы жиналыпты. Оның бейнетінің зейнетін көрер шақта дүниеден өтуі жақындарын есеңгіреткені анық. Дегенмен, бүгінде оның рухына құран бағыштап, ерлігін мақтанышпен айтып отыратын ұрпақтары өсіп-өніп, саялы бәйтерекке айналып келеді. Баймахановтың отанды сүю тәрбиесін алған балалары мен бауырлары үздік дәрігер, әскери полковнигі, ауыр атлетикадан КСРО-ның спорт шебері, Ауғанстан соғысының ардагері болса, кейінгі буын немерелері шекара әскерінде және прокуратура органдарында атасының отанға қызмет ету жолын жалғастырып келеді.

Осы ретте, «тегіне тартқан – озар» демекші, біздің бабамыз, ал Жақыпбек Баймахановтың туған атасы Құлжан Шақайұлының есімі де көркем туындыға арқау болғанына қысқаша бір тоқталып өткім келіп отыр.

Қазақ халқының ұлт-азаттық күрестері сонау XV ғасырда құрылған қазақ хандығынан бастау алып, XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары тәуелсіздікке қол жеткізгенше жалғасқаны мәлім.

Өзгесін айтпағанда, 1916 жылғы көтерілістің тарихымызда алатын орны ерекше. II Николай патшаның 25 маусымдағы «бұратаналарды» тыл жұмыстарына алуы туралы жарлығы қазақ даласын дүр сілкіндіріп, жұртшылықтың ашу-ызасын туғызып, арты қазақ даласынң барлық аймақтарын қамтыған қарулы көтеріліске ұласты.

Солардың бірі болып, сыр бойында ұлт-азаттық көтерілісті басқарған Құлжан (маған арғы ата болып келеді) және Кенжеғұл мен Ақназар атты азаматтар патша жарлығына ашық карсылықтарын көрсетіп, көтеріліс ұйымдастырушылардың қатарында болды.

Қарулы күресте тұтқындалған Құлжан ұста Ташкентке этаппен айдалып, көтерілісті басқарғаны үшін өлім жазасына кесілді. Бұл туралы жас ақын Асқар Тоқмағанбетовтың «Құлшық» (1916 жыл оқиғасы) атты өлеңі сол жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланып, қарулы көтерілістің басталуы, аяқталуы сол тұстағы ауыл адамдарының жан күйзелісі туралы келесі шұмақтарды жазыпты:


...Тон киген бейшараның ата-анасын,
Қасына келтірмейді солдат қуып.
Бетінен мейірімі қанып, бір сүйе алмай,
Қалып тұр сорлылардың іші күйіп.

Осы көтерілісте Құлжан ұстаның қасында болған адамдар кейін қазақ даласының батыс бөлігінде қарулы көтеріліс ұйымдастырушы, көптеген кинофильмдер мен спектаклдерінің кейіпкері, аты аңызға айналған Аманкелді Имановтың әскеріне қосылу мақсатында Торғай жеріне қоныс аударған екен.

Келе жатқан Жеңіс күні мейрамы қарсаңында, 70 жылдан астам уақыт мұрағатта шаң басып жатқан біздің атамыздың ерлігі туралы ақпаратқа қол жеткіздік. Құлжан бабамыз бен Жақыпбек атамыздың ерліктері ұрпақтары үшін құнды, әрі бағалы деп білеміз.

Сондықтан, олар біздің ата-бабаларымыз туралы құнды ақпараттар мен құжаттар ретінде отбасының мұрағатында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп, ерліктердің үлгісі ретінде сақтала береді.

Себебі, қанша жыл өтсе де, елі үшін перзентінің жасаған ерлігі ешқашан өшпейді.



**КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖЕҢІС КҮНІ
МЕЙРАМЫ ҚАРСАҢЫНДА,
70 ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТ
МҰРАҒАТТА ШАҢ БАСЫП ЖАТҚАН
БІЗДІҢ АТАМЫЗДЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ
АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІК.**

Құлжан бабамыз бен Жақыпбек атамыздың ерліктері ұрпақтары үшін құнды, әрі бағалы деп білеміз.